

«Шыпан» жалпы орта мектебі

# «Қазақ тілінің білгірі» сайысы

Ұйымдастырушы: мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі  
Ибрагімова Дана

Мирзараимова Сохиба

2012 жыл

## «Тіл – достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы»

**Мақсаты:**

1. Өзге ұлт мұғалімдері арасында мемлекеттік тіл қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт мұғалімдерінің қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу.
2. Мемлекеттік тілді әрбір қазақстандық этнос өкілінің ішкі мәдениетінің ажырамас тіліне айналдыру.

**Көрнекілігі:** қанатты сөздер, тіл мерекесіне орай шығарылатын газеттер, суреттер, гүлдер, шарлар, интерактивті тақта

*Мұғалім:* Құрметті қонақтар, ұстаздар!

Қазіргі таңда еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып бекітілді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңы» күшіне енді. Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз – тіліміз.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі,  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі», - деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай кез-келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ.

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан Республикасының өз елтаңбасы, әнұраны, туы бар. Сонымен қатар өз тілі бар.

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,  
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елде жүрсең де бұл дұрысы,

Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар, - демекші, «Тіл – достықтың кілті, ынтымақтас- тықтың бастауы» тақырыбындағы «Қазақ тілінің білгірі» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

### **Барысы.**

*Залда ұлтымыздың әсем күйінің сазды әуені естіліп тұрады.*

**Жүргізуші:** Ең бірінші бақытым – халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса мен бармын, қор болмаймын,

Қымбатырақ алтыннан нарқым менің

Ал екінші бақытым – тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Құрметті сайысқа қатысушылар және қонақтар! Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына сәйкес қазақ тілі республикамыздағы негізгі тіл – мемлекеттік тіл болуына орай оның қолдану

аясы, бедел-мерейі мемлекет ішінде ғана емес, халықаралық қатынастар деңгейіне дейін артып келеді..

Мемлекеттік тілдің мәдениетін көтеру, әдебиетті насихаттау, талантты жастарды іздеп табу мақсатында және өз елін, жерін, Отанын, туған халқының тілі мен салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін жыл сайын біздің мектебімізде қазақ тілі мен әдебиетінің онкүндігі ұйымдастырылып өткізіледі. Осы онкүндікке байланысты өткелі отырған **«Тіл – достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы»** тақырыбындағы **«Қазақ тілінің білгірі»** сайысымызға қош келдіңіздер!

Әрине, әр халықтың тілі өзіне ерекше құрметті. Тілдің байлығы, сөздік қорының өсуі халықтың өзіне байланысты.

Халықтың тілін білсең, оның жанын сезінесің, тіл арқылы бүкіл адамзатқа тән гуманистік идеяларға қол жеткізуге болады.

Біздің мемлекет – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда 130-дай ұлт өкілдері тұрады. Әр ұлттың өзіне тән ата-дәстүрі, ана тілі бар. Әрбір өзін-өзі сыйлайтын ұлт өз болмысын сақтай отырып, өзге ұлттың өзіндік қажеттеріне құрметпен қарайды. Оған дәлел, басқа ұлт өкілдері қазақ тілінде сөйлеу, қазақша ой ойлауы.

Ендігі кезекте,

Асыл тастан, өнер жастан шығады деп дарынды,

«Халық айтса қалып айтпайды», әрқашан да нанымды, - дей келе сайыскерлерімізді бағалайтын әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар.

Әділқазылар алқасының төрайымы \_\_\_\_\_ – мектебіміздің

Әділқазылар мүшелері:

1.

2.

3.

Сонымен сайысымызға кезек берсек:

Кім білімді, өнерпаз, білейікші,

Мұғалімдер алғыр деп жүрейікші.

Әділқазылар алқасына тек әділдікті,

Сайыскерлерге сәттілік тілейікші, - деп сайыскерлерімізбен

танысайық.

1-топтың сайыскерлері – \_\_\_\_\_

2-топтың сайыскерлері \_\_\_\_\_

«Тіл – достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы» тақырыбындағы сайысымыз бірнеше турдан тұрады.

1. Сәлемдесу
2. Жүзден жүйрік
3. Кім көп мақал-мәтел біледі?
4. Ойлан тап
5. Сен білесің бе?
6. Өнерпаз болсаң...

Бірінші бөлімде «Сәлемдесу» немесе таныстыру.

«Әдепті елдің баласы

Алыстан сәлем береді» - дейді данышпан халқымыз.

« Өзге емес өзім айтам өз жайымды...».

Әр сайыскер өзін таныстырып өтуі керек

Сәлем берем халқыма,

Сәлем берем жалпыңа.

Сәлемдесу кіреді,

Ата-дәстүр салтына,- деп сайыскерлер өздерін таныстырып шығады.

- Екінші турымызды «**Жүзден жүйрік**» деп аталады, ойыншыларымыз кеспе әріптерді таңдап алады және сұрақтарға сол әріптен басталатын сөзбен жауап беруі керек.

Бірінші кезекте – \_\_\_\_\_

Екінші кезекте – \_\_\_\_\_

Мақал-мәтелдер талай замандар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан асыл мұра. Сондықтан да сайысымыздың **үшінші** туры мақал-мәтелдерге арналады. «**Кім көп мақал-мәтел біледі?**» сайысы және мақал мәтелдегі түсіп қалған сөзді тауып екі тілде (өзбек, орыс тілдерінде) баламасын айту.

1. Өнер алды – .....тіл (қызыл)
2. Тіл тас жарады, тас жармаса ..... жарады. (бас)
3. Бас кеспек болса да, ..... кеспек жоқ. (Тіл)
4. Шебердің қолы ортақ, ..... тілі ортақ (шешеннің)
5. Ең ащы да – тіл, ең тәтті де – тіл, ең ..... та – тіл, ең қатты да – тіл. (жұмсақ)
6. Қотыр қолдан жұғады, пәле ..... жұғады (тілден)
7. Білекті адам бірді жығады, ..... адам мыңды жығады, (білімді) -деп,
8. Құлақтан кірген.... Жүрекке барып мұз болар (сөз)
9. Таза мінсіз асыл ... Су түбінде жатады,  
Таза мінсіз асыл сөз, Ой түбінде жатады. (тас)
10. Сөз анасы – құлақ, ... анасы – бұлақ. (су)

11. Ілім – бұлақ... – шырақ! (білім)  
12. Жігіт бір сырлы, ... қырлы болсын. (сегіз)  
13. Қаһарлы сөз ... бұзар. (қамал)  
14. Білгенге тоғыз, білмегенге ..... . (тоқсан тоғыз)  
15. Білімдіден ақыл шығар, ..... нақыл шығар. (ақылдыдан)  
16. Бай болмасаң бай болма, .....- ..... сай бол. (өнер-білімге)

**Жүргізуші.** - Бәрежелді, сайыскерлер өте жақсы! Енді сайысымыздың келесі турына көшеміз. Сайысымыздың **төртінші** туры «**Ойлан тап**» деп аталады. бұл турда компьютерде көрсетілген суреттерді топ басшысы шығып тобындағы қатысушыларға жұмбақтап түсіндіру керек, олар сол сөздің жауабын табу керек.

Келесі **бесінші** кезең «**Сен білесің бе?**» деп аталады. Бұл кезеңнің шарты бойынша экранда көрсетілген ұяшықтарды тандау және сұрақтарына жауап беру. Жауап берген жағдайда таңдаған топ ұяшықтағы ұпай санына ие болады.

5. Қазақ алфавитіндегі әріптер саны. (42)  
10. Қазақша ай аттарын толығымен ретімен атап беріңіз.(қаңтар, ақпан, наурыз ....)  
15. Сүттен жасалатын тағамдар. (айран, сүзбе, құрт, ірімшік, уыз, қаймақ)  
20. Жылқы пірі кім? (Қамбар ата)  
30. Үш арсыз. (ұйқы, тамақ, күлкі)  
40. Үш көз. (су анасы- бұлақ, жол анасы –тұяқ, сөз анасы-кұлақ)  
50. Сыйлық  
60. Абай Құнанбаевтың бір шұмақ өлеңін оқып бер.  
70. Орнынан қозғалмай жүретін не? (сағат)

Қайсысы күйші, кім биші,  
Талабына қарайық.  
Кімдер зерек, кім жылдам,

Таланттарын табайық, - деп келесі кезек **алтыншы кезең «Өнерпаз болсаң»** деп аталады. Бұл кезеңде ойыншылар берілген әуенді тыңдап, сол әуеннің авторын немесе орындаушысын немесе сол әуенді әндетіп айтып беру керек.

Осы турлар аяқталғаннан кейін әділқазылар алқасы байқауға қатысушыларды алған ұпайлары бойынша марапаттайды.

Сөз мектебіміздің \_\_\_\_\_ беріледі.

I-орын – \_\_\_\_\_

**Жүргізуші:** Ана тілі – асыл күні бабамның,  
Қуатымсың ақ сүтіндей анамның.  
Сәби шақтан бесігіме жыр тыңдап,  
Туған тілді жаттап өскен баламын.  
«Оң жол ізде өмірде көп ойланып,  
Алдыңнан атар таңың арайлап.  
Азаматы бар ел деп – бұл қазақтың,  
Талай жұрт құрметтесін қарай қалып».

«Анамыздың ақ сүтінен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген Б.Момышұлы. Ана тілімізді құрметтеп, сүйе білейік. Мемлекеттік тілде көп оқып, бір-бірімізбен қазақша сөйлесейік. Бүгінгі ұрпақ ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болуы шарт, – дей отырып бүгінгі **«Тіл – достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы» тақырыбындағы «Тапқыр достар»** сайысымыз осымен өз мәресіне жетті. Қош сау болыңызар!